

"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 94 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 11 қаңтардағы № 5 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 қаңтарда № 16282 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2020 жылғы 15 мамырдағы № 27 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 15.05.2020 № 27 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 94 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10271 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың

статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің
төрағасы*

Н. Айдапкелов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
Ө. Шөкеев _____
2017 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының

2018 жылғы 11 қантардағы
№ 5 бұйрығына
1-қосымша
Приложение 1 к приказу
Председателя Комитета по статистике
Министерства национальной
экономики Республики Казахстан
от 11 января 2018 года № 5
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2014 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 94 бұйрығына
1-қосымша



**Мемлекеттік статистика органдары құпиялығына
кепілдік береді**

Конфиденциальность гарантируется органами
государственной статистики

**Ведомстволық статистикалық байқау бойынша
статистикалық нысан**

Статистическая форма ведомственного
статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекцияларына ұсынылады
Представляется Бассейновым инспекциям по регулированию использования и охране водных ресурсов Комитета по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан

Статистикалық нысан www.stat.gov.kz, www.mgov.kz интернет-ресурсына орналастырылған
Статистическая форма размещена на интернет-ресурсе www.stat.gov.kz, www.mgov.kz

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес бастапқы статистикалық деректерді ұсыну және бастапқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 497-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар б о л ы п т а б ы л а д ы

Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие органы государственной статистики в установленный срок являются административными правонарушениями, предусмотренными статьей 497 Кодекса Республики Казахстан "Об административных правонарушениях"

Статистикалық нысан
коды 7791204 Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп
Код статистической формы 7791204 Отчет о заборе, использовании и водоотведении вод

2-ТП (сушар)
2-ТП (водхоз)

Ж ы л д ы қ Е с е п т і к е з е ң Жыл
Годовая Отчетный период

--	--	--	--

 год

Ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін, өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер мен гидроэнергетикада пайдаланатын суды пайдаланушыларға ұсынады
Представляется водопользователями, использующими воду для нужд сельского хозяйства, для производственных, коммунально-бытовых нужд и гидроэнергетики

Ұсыну мерзімі – ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін суды пайдаланатын су пайдаланушылар есепті кезеңнің 1 желтоқсанынан кешіктірмей, өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер мен гидроэнергетикада суды пайдаланатын су пайдаланушылар есепті кезеңнен кейінгі 10 қаңтардан кешіктірмей

Срок представления – не позднее 1 декабря отчетного периода водопользователи, использующие воду для нужд сельского хозяйства, не позднее 10 января после отчетного периода водопользователи, использующие воду производственных, коммунально-бытовых нужд и гидроэнергетики

БСН коды код БИН	<input type="text"/>	ЖСН коды код ИИН	<input type="text"/>
Негізгі ЭҚЖЖ коды Основной код ОКЭД	<input type="text"/>	Қосалқы ЭҚЖЖ коды Вторичный код ОКЭД	<input type="text"/>

Экономикалық қызмет түрінің атауы
Наименование вида экономической деятельности

1. Су пайдаланудың мемлекеттік есебінің коды мен оның индексін көрсетіңіз (Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялары береді) Укажите код государственного учета использования воды и его индекс (присваивается Бассейновыми инспекциями по регулированию использования и охране водных ресурсов)	С П М Е	к о д ы ¹	И н д е к с і
	Код по ГУИВ ¹		Индекс

2. Табиғи су нысандарынан жиналған, басқа да суды пайдаланушылардан алынған, пайдаланылған және берілген су туралы мәліметті көрсетіңіз (үтірден кейін бір белгімен, мың текше метр)

Укажите сведения о заборе воды из природных водных объектов, получено воды от других водопользователей, использовано и передано воды (в тысячах кубических метрах с одним знаком после запятой)

Жолдар коды Код строки	С у нысанының атауы Наименование водного объекта	Көз коды ² К о д источника ²	Беруші кәсіпорынның к о д ы К о д передающего предприятия	Теңіз-өзен коды К о д моря-реки	Ағыстар Притоки					Сапа коды ² К о д качества ²	Сағадан қашықтық Расстояние от устья	Алынды, барлығы 1 жылға Забрано, получено за год	Оның б о й ы н ш а В том месяца қаңтар январь
					1	2	3	4	5				
А	Б	В	Г	Д	Е	Ж	З	И	К	Л	М	1	2
1													
2													
3													
....													

Жол дар коды Код стро ки	Оның ішінде айлар бойынша										Пайдаланған, берілген Использовано, передано		Кері пайдалану Оборотное использовани е
	сәуір апрель	Мамыр май	Маусым июнь	Шілде июль	Тамыз август	қыр-күйек сентябрь	Қазан октябрь	Қараша ноябрь	жел-тоқсан декабрь	коды ² код ²	Көлемі количество		
А	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	
1													
2													
3													
....													

Ескертпе:

Примечание:

¹СПМЕ бойынша код – Су пайдаланудың мемлекеттік есебінің коды

¹Код по ГУИВ – Код государственного учета использования воды

² Көз коды, сапасы "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезенділігі жылдық) ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысаныға қосымшада келтірілген.

² Код источника, качества приведены в приложении к статистической форме ведомственного статистического наблюдения "Отчет о заборе, использовании и водоотведении вод"

(код 7791204, индекс 2-ТП (водхоз), периодичность годовая).

3. Суды бұру және қашыртқы туралы мәліметті көрсетіңіз (үтірден кейін бір белгімен, мың текше метр)

<p>А т а у ы Наименование</p>	<p>_____</p> <p>_____</p>	<p>Мекенжайы Адрес</p>	<p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>
<p>Телефоны Телефон</p>	<p>_____</p>	<p>Электрондық пошта мекенжайы респонденттің) (_____ Адрес электронной почты (респондента)</p>	<p>_____</p> <p>_____</p>
<p>Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келісеміз⁴ Согласны на распространение первичных статистических данных⁴</p>	<p><input type="checkbox"/></p>	<p>Алғашқы статистикалық деректерді таратуға келіспейміз⁴ Не согласны на распространение первичных статистических данных⁴</p>	<p><input type="checkbox"/></p>
<p>Орындаушы Исполнитель</p>	<p>_____</p> <p>тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)</p>	<p>_____</p> <p>қолы, телефоны подпись, телефон</p>	
<p>Бас бухгалтер Главный бухгалтер</p>	<p>_____</p> <p>тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)</p>	<p>_____</p> <p>қ о л ы , подпись,</p>	
<p>Б а с ш ы Руководитель</p>	<p>_____</p> <p>тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болған жағдайда) фамилия, имя и отчество (при его наличии)</p>	<p>_____</p> <p>қ о л ы , подпись</p>	
			<p>Мөрдiң орны (бар болған жағдайда) Место печати (при наличии)</p>
<p>Қабылдады: Принял:</p>	<p>_____</p> <p>_____ " _____ " _____ 20__ год тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) лауазымы, қолы мөр орны фамилия, имя и отчество (при его наличии) должность, подпись место печати</p>		

Ескертпе:

Примечание:

⁴Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес толтырылады

⁴Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп"
(коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық)
ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанына қосымша

1- кесте. Су нысандары (2-бөлімнің В-бағаны үшін көз коды, 3-бөлімнің В-бағаны үшін қабылдау коды)			
1	2	3	4
Коды	Су нысаны		
10	Теңіз	+	+
20	Өзен	+	+
21	Тартылған өзен	+	+
30	Көл	+	+
40	Су қоймасы, тоған	+	+
41	Құймалы су қоймасы	+	+
50	Магистралдық арна	+	+
55	Магистралдық құбыр өткізгіш	+	+
60	Жер асты су тұтқыш горизонт	+	+
61	Шахта, кен, қазба	+	+
62	Көлденең кәріз ұңғымалары	+	+
70	Коллекторлы-кәріз желісі	+	+
71	Өзен желісімен байланысы жоқ коллекторлар	+	+
72	Жер үсті су нысандарына жететін коллекторлар	+	+
80	Егістікті суармалы жер	-	+
81	Жинағыштар	+	+
82	Жергілікті рельеф	-	+
83	Сүзу алаңдары	-	+
90	Су құбырының желісі	+	+
91	Су бұру желісі	+	+
2- кесте. Су сапасы (2-бөлімнің Л-бағаны үшін сапа коды, 3-бөлімнің К-бағаны үшін ағыстар)			
1	2	3	4
Коды	Су сапасы		
БЛ	Балласты, льялды су	+	+
ВП	Ауыз су	+	+

BT	Техникалық су	+	+
BC	Ағынды су	+	+
GP	Жер асты ауыз су	+	+
GT	Жер асты техникалық су	+	+
KD	Коллекторлы-кәрізді су	+	+
MP	Теңіз суы	+	+
PC	Күріш жүйелерінің суы	+	+
SP	Шахтілі-рудникті су	+	+
TP	Жеткізу суы	+	+

3- кесте. Пайдаланылды, пайдаланбай тапсырылды (2-бөлімнің 14-бағаны)

1	2	3	4
Коды	Пайдаланылған, тапсырылған су		
ГЭ	Гидроэнергетика	+	
ДБ	Басқа су шаруашылығы бассейніне берілген		+
ДГ	Басқа мемлекетке берілген		+
ЗС	Шөп шалғындарына құю	+	
НН	Құймалы су қоймаларын толтыру	+	
ОЛ	Лиманды суару	+	
ОП	Жайылымдарды суландыру	+	
ОР	Тұрақты суару	+	
ПБ	Пайдаланусыз берілген		+
ПГ	Каналдарда горизонттарды ұстау	+	
ПИ	Басқалар	+	
ПК	Арналарды шаю	+	
ПП	Жер қабаты қысымын ұстау	+	
ПР	Өндірістік	+	
РХ	Тоғандық балық шаруашылығы	+	
СП	Санитарлық су жіберу	+	
СХ	Ауыл шаруашылығын сумен қамту	+	
ТР	Суды жеткізу	+	+
ХП	Шаруашылық-ауыз су	+	

4-кесте. Ластаушы заттар (3-бөлімнің 15-26-бағандары)

1	2	3
Коды	Заттар	Өлшем бірлігі
1	Аллюминий	миллиграмм/литр
3	Аммоний азоты	миллиграмм/литр
4	Анилин	миллиграмм/литр
5	Ацетон	миллиграмм/литр
6	Бор	миллиграмм/литр
7	Бензол	миллиграмм/литр
8	Ванадий	миллиграмм/литр
9	Висмут	миллиграмм/литр

10	Гидрозин	миллиграмм/литр
11	Гидрохинон	миллиграмм/литр
12	Дихлорэтан	миллиграмм/литр
50	Жалпы фосфор	миллиграмм/литр
2	Жалпы азот	миллиграмм/литр
45	Иісті көмірсутектер	миллиграмм/литр
15	Кадмий	миллиграмм/литр
18	Капролактан	миллиграмм/литр
19	Карбамид	миллиграмм/литр
16	Кобальт	миллиграмм/литр
17	Ксантогенаттар	миллиграмм/литр
37	Күміс	миллиграмм/литр
38	Күркітсутегі	миллиграмм/литр
39	Күкіртқышқылы	миллиграмм/литр
30	Қалайы	миллиграмм/литр
35	Қорғасын	миллиграмм/литр
20	Магний	миллиграмм/литр
14	Майлар	миллиграмм/литр
21	Марганец	миллиграмм/литр
23	Метанол	миллиграмм/литр
24	Молибден	миллиграмм/литр
26	Моноэтаноламид	миллиграмм/литр
22	Мыс	миллиграмм/литр
55	Мырыш	миллиграмм/литр
25	Мышьяк	миллиграмм/литр
27	Никель	миллиграмм/литр
28	Нитраты	миллиграмм/литр
29	Нитриттер	миллиграмм/литр
31	Органикалық күкіртті қоспалар	миллиграмм/литр
32	Пестицидтер	миллиграмм/литр
33	Ротанидтер	миллиграмм/литр
36	Синтетикалық үстүнгі-белсенді заттар	миллиграмм/литр
42	Скипидар	миллиграмм/литр
40	Сульфаттар	миллиграмм/литр
41	Сурьма	миллиграмм/литр
34	Сынап	миллиграмм/литр
44	Таннин	миллиграмм/литр
13	Темір	миллиграмм/литр
43	Тетраэтилқорғасын	миллиграмм/литр
46	Фенолдар	миллиграмм/литр
49	Формальдегид	миллиграмм/литр

47	Фтор	миллиграмм/литр
48	Фторореагенттер	миллиграмм/литр
51	Фуртурол	миллиграмм/литр
52	Хлоридтер	миллиграмм/литр
53	Хром	миллиграмм/литр
54	Цианиды	миллиграмм/литр
56	Этиленгликоль	миллиграмм/литр

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрлігі
 Статистика комитеті
 төрағасының
 2018 жылғы 11 қаңтардағы
 № 5- бұйрығына
 2-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрлігі
 Статистика комитеті
 төрағасының
 2014 жылғы 25 желтоқсандағы
 № 94 бұйрығына
 2-қосымша

"Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" ведомстволық статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық)

1. Осы "Су алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) ведомстволық статистикалық қадағалаудың статистикалық нысанын толтыру нұсқаулығы "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Суды алу, пайдалану және суды бұру туралы есеп" (коды 7791204, индексі 2-ТП (сушар), кезеңділігі жылдық) (бұдан әрі – статистикалық нысан) ведомстволық статистикалық қадағалаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында келесі анықтаулар қолданылады:

1) айналымды пайдалану – сумен жабдықтаудың техникалық жүйесі, онда айналымды су тиісті дайындықтан кейін немесе онсыз өнеркәсіптік кәсіпорынның технологиялық өндірісінде бірнеше рет пайдаланылады;

2) биологиялық тазалау – су айдындарына тасталған, биологиялық тазалау имараттарында (биосүзбеде, аэросүзбеде, аэротенктерде, биологиялық

тоғандарда, циркуляциялық қышқылды каналдарда) нормативтік-тазартылған сарқынды сулардың көлемі;

3) қайталап пайдалану – технологиялық мақсаттар, суару, суландыру, сумен камту және басқа да қажеттіліктер үшін кері қайтарылған суды алу;

4) механикалық тазалау – құрамына тек қана механикалық тазалау қондырғылары кіретін (құмды аулау, майбензосазды аулағыштар, тұндырғыштар мен басқалары – реагенттерді пайдаланусыз) имараттарда нормативтік-тазартылған сарқынды сулар көлемі. Физика-химиялық және биологиялық тазалау имарттарының құрамына кіретін механикалық тазалау қондырғылары ескерілмейді;

5) нормативтік-таза (тазалаусыз) – өндіріс технологиясына қатысу барысында ластанбайтын және оларды тазалаусыз тастау су нысанының есептік тұстамасында су сапасы нормативін бұзбайтын су айдындарына тасталған су көлемі, сондай-ақ егер олардың тазалаусыз тасталуы қоршаған ортаға эмиссияның белгіленген нормаларын қанағаттандыратын шахталы, бұлақты және пласты судың және суды төгу, суды төмендету барысында алынған судың көлемі (2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 225-бабы);

6) сарқынды сулар – адамның шаруашылық қызметі нәтижесінде пайда болатын немесе табиғи немесе жасанды су объектілеріне немесе жер бедеріне ағызып жіберілетін ластанған аумақтағы сулар;

7) су бұру – сарқынды суларды жинауды, тасымалдауды, тазартуды және су бұру жүйелері арқылы су объектілеріне және (немесе) жер бедеріне бұруды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жиынтығы;

8) су нысаны – шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері;

9) су пайдаланушы – өз мұқтаждарын және (немесе) коммерциялық мүдделерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

10) су пайдаланудың мемлекеттік есебінің коды (бұдан әрі – СПМЕ) – суды пайдаланушы коды мен оның индексі, су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциясы (бұдан әрі – БИ) белгілейді, бірінші цифр бассейндік кодын белгілейді, келесі 4 цифр - БИ тіркелген су пайдаланушының еркін коды;

11) тасымалдау барысындағы шығындар – суды тасымалдау барысында шығындалатын су көлемінің бөлігі (булануы, сүзілуі, ағуы және тағы басқа);

12) физика-химиялық тазалау – су айдындарына тасталған, физика-химиялық тазалау құрылыстарында нормативтік-тазартылған сулардың көлемі (ағынды суларды реагенттік өңдеу, электрхимиялық тазалау, нейтрализация, иондық алмасу және тағы басқа).

3. 1-бөлімде СПМЕ бойынша код және индекс толтырылады. Облыстың түрлі аудандарында филиалдары бар немесе әр түрлі су шаруашылығы учаскелерінен су алатын су пайдаланушылар әр су алу бойынша жеке есеп береді, осының салдарынан СПМЕ кодына әр бір есеп бойынша индекс беріледі.

2-бөлімнің Б-бағаны көрнекілік үшін толтырылады. В-Л (көздерді одтау) бағандары есепті қабылдайтын қызметкерлермен толтырылады.

2-бөлімнің В-бағаны статистикалық нысанға қосымшаның 1-кестесіне сәйкес толтырылады, көз коды 1-бағаннан алынады, бұл ретте 3-бағанға сәйкес кейбір кодтар көрсетілмеуі мүмкін.

2-бөлімнің Л-бағаны статистикалық нысанға қосымшаның 2-кестесіне сәйкес толтырылады, сапа коды 1-бағаннан алынады.

2-бөлімнің Г-бағанда егер су пайдаланушы суды алғашқы су пайдаланушыдан алған жағдайда, беруші кәсіпорынның коды қойылады.

2-бөлімнің 1-бағаны жылдық суды алу (беру), ал 2-бөлімнің 2-13-бағандарда айлар бойынша су алу толтырылады. Айлар бойынша суды алу сомасы жылға суды алумен теңестіріледі. Айлар бойынша суды алу келесі жағдайда толтырылмайды:

су алу жыл бойы тең жүзеге асырылса (бұл негізінде шаруашылық ауыз су мен өндірістік қажеттіліктерге су алу үшін жатқызылады);

су алу 1000 м^3 аспағанда.

Қалған жағдайларда 2-бөлімнің 2-13-бағандарын толтыру міндетті.

2-бөлімнің 14-бағаны статистикалық нысан қосымшасының 3-кестесіне сәйкес толтырылады, алынған және берілген судың коды 1-бағаннан алынады, бұл ретте 3 және 4-бағандарға сәйкес пайдаланылған судың өз коды, берілген судың өз коды бар. Транзиттік сулар өзгеше болып табылады, олар барлық жағдайда да көрсетіледі.

2-бөлімнің 15-бағанында пайдаланылған немесе пайдаланусыз берілген су көлемі қойылады.

2-бөлімнің 16-бағаны суды қайта пайдаланған жағдайда (суды өндірістік қажеттіліктерге пайдалану барысында толтырылады) алынған таза суға толықтыру ретінде толтырылады.

2-бөлімнің 17-бағаны суды қайта пайдаланғанда толтырылады (суару үшін пайдаланылатын коллекторлық-кәрізді су).

2-бөлімнің 18-бағаны суды пайдаланудан кейін берген жағдайда толтырылады.

2-бөлімнің 19-бағаны суды тасымалдау барысында шығын болғанда толтырылады.

2-бөлімнің 20-бағаны суару, жайылымды суландыруға суды пайдалану барысында толтырылады.

4. 3-бөлімнің Б-Л-бағандарын 2-бөлімдегідей есепті қабылдайтын қызметкерлер толтырады. 3-бөлімнің А-бағанында жол нөмірі 2-бөлімнің А-бағанындағы жол нөміріне сәйкес келтіріледі.

3-бөлімнің В-бағаны статистикалық нысанға қосмышаның 1-кестесіне сәйкес толтырылады, көз коды 1-бағаннан толтырылады.

3-бөлімнің К-бағаны статистикалық нысанға қосмышаның 2-кестесіне сәйкес толтырылады, көз коды 1-бағаннан толтырылады.

3-бөлімнің 5, 6, 7-бағандары тазалау қондырғылары болғанда толтырылады.

3-бөлімнің 8-11-бағандары тиісті ластаушы заттарды тастағанда толтырылады.

3-бөлімнің 12, 14, 16, 18, 20, 22-бағандары статистикалық нысан қосымшасының 4-кестесіне сәйкес толтырылады, ластаушы заттардың кодтары 1-бағаннан толтырылады.

3-бөлімнің 13, 15, 17, 19, 21, 23-бағандары статистикалық нысан қосымшасының 4-кестесіне сәйкес толтырылады, тасталатын ластаушы заттардың көлемі ластаушы заттардың кодтарына сәйкес келтіріледі.

Ластаушы заттардың көлемі үтірден кейін екі белгіге дейін толтырылады.

5. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлімнің 15 және 19-бағандарының

Σ

(пайдаланылды, берілді және тасымалдау кезіндегі шығындар) = 2-бөлімнің 1-бағанына;

2) 3-бөлімнің 1-бағаны (барлығы тасталған)

\leq

2-бөлімнің 15-бағанынан (пайдаланылды, тапсырылды);

3) 2-бөлімнің 18-бағаны (пайдаланылғаннан кейін берілді)

\leq

2-бөлімнің 15-бағанынан (пайдаланылды, тапсырылды);

4) 3-бөлімнің 2, 3, 4-бағандарының

Σ

= 3-бөлімнің 1-бағанына;

5) 3-бөлімнің 5, 6, 7-бағандарының

Σ

= 3-бөлімнің 3-бағанына.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК